



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Әсемдік пен асқақтық



Эстетика

Шопенгауэрдің эстетикасы; Кьеркегордың музыка туралы ойлары; Ницшенің трагедия туралы ойлары;

1714 жылдың 17 шілдесінде дүниеге келген неміс философы, Лейбниц пен Вольфтың ізбасары Александр Готлиб Баумгартен, әдетте, эстетиканың өз алдына философиялық пән болып қалыптасуының себепкері ретінде аталады. Әрине, ол 1735 жылы жарық көрген поэзия туралы қысқаша трактатта «эстетика» сөзін ойлап тапқан болатын. Баумгартен үшін өнердің мақсаты – бүтіннің бөліктері арасында тамаша үйлесімді табу терминдерімен анықталатын әсемдікті, сұлулықты жасау. Әсемдіктің мәні – ләззат алу, қиялды қоздыру. Ең сұлу әсемдік табиғатта жатыр, сондықтан өнердің ең асқақ мақсаты – табиғатқа еліктеу.

XVIII ғасырдың басқа философтары әсемдік, сұлулық феноменіне әлдеқайда тиянақты анықтама беруге талпынды. Дэвид Юм «Адам табиғаты туралы» трактатында «сұлулық және көріксіздік» атауларына мынадай анықтама беруді ұсынды: «Сұлулық дегеніміз – жанымызды рақатқа бөлеп, қанағаттануға жеткізетіндей етіп бейімделген бөліктердің біздің табиғатымыздың бастапқы құрылымына сай тәртіп пен үйлесімге келтірілуі. Сұлулықтың осындай ерекше сипаты үйлесімділіктен рақаттану мен бүлдіруге деген табиғи беталысты білдіретін деформация арасындағы айырмашылықты түзеді. Сондықтан рақаттану мен ауырсыну – сұлулық пен көріксіздіктің міндетті жалғасы ғана емес, оның мәні де.

Дэвид Юм – шотландиялық философ, эмпиризм, психологиялық атомизм, номинализм және скептицизм өкілі.

Кейіннен сұлулықты анықтау зерттелмеген дәстүр және білімсіз қалаудың құрсауынан шыға алмай қалуы мүмкін деген идеяға риза болмаған Юм дұрыстылық пен бұрыстылыққа арналған эстетикалық пайымдауларды бекітуге талпынды. 1757 жылғы «Талғамның стандарты» атты еңбегінде ол кәсіби және риясыз бағалаушылар үшін өнер туындыларының қандай ерекшеліктері ең тартымды болатынын анықтау жолымен бекітілуі тиіс деген пайымдардың жалпылама өлшемдерін келтірді.

Ағылшын-ирландиялық парламентшіл, саяси қайраткер, Ағарту дәуірінің публицисі, консерватизм идеологиясының негізін қалаушы Эдмунд Берк болса, эстетикаға сұлулық ұғымымен қатар, асқақтық ұғымын енгізді. Асқақтық пен сұлулық – өнердің мақсаты: сұлулық сезімі – қалауды талап етпейтін махаббат формасы, ал дәл осындай асқақ нәрсені сезіну – қорқынышсыз таңырқауды сезіну. Сұлулық пен асқақтық туралы біздің түсінігіміздің пайда болуына қатысты философиялық зерттеу барысында Берк бұл объектілердің біздің бойымызда қандай сезім тудыратынын түсіндіруге талпынды. Асқақтық сезімінің бастауын ол түпнегізгі өзін-өзі аман сақтап қалу инстинктында қамтылған қорқу мен үрейленуден алып шықты. Ал сұлулық сезімі парадигмасының шығу тегі – әйел тәнінің нәзіктігін бағалаудан, демек, оның о бастауы әлеуметтік байланыс орнату және сайып келгенде, ұрпақ жалғастыру инстинктында жатыр.

Эдмунд Берк – ағылшын-ирландиялық парламент мүшесі, саяси қайраткер, Ағарту дәуірінің публицисі, консерватизм идеологиясының негізін қалаушы.

XIX ғасырдағы эстетикада елеулі болған туынды – Иммануил Канттың 1790 жылы жария болған еңбегі «Пайымдау қабілетіне сын» еді. «Сұлулық» пен «Асқақтық» ұғымдарын талдай отырып, Кант өзін сынаушылар эпистемология мен этикаға не енгізсе, өзі де эстетика үшін сондай еңбегін сіңірді. Теориялық түсіну мен практикалық ақыл-ойдан бөлек адамдар үшінші бір қасиетке – пайымдауға қабілеттілікке, эстетикалық тәжірибенің негізі болатын талғам туралы пайымдауға ие.

Берктің идеясын қолдап, Баумгартеннің пікірін теріске шығарған Кант дезинсталляцияның эстетикалық әрекет етудегі түпнегізгі маңызын атап көрсетеді. «Талғам, – дейді ол, – пән немесе әдіс туралы ешбір пайданы көздемей тек қанағаттану немесе қанағаттанбау тұрғысынан баға беріп, қабылдау қабілеті. Мұндай қанағаттану объектісі сұлу, әсем болып саналады».

Кант қанағаттанудың екі түрінің арасын ажыратып көрсетеді: тәндік құшырлануды ол «ләззаттану» деп атайды да, сұлулықтан ешбір пайданы көздемей рақат алуды «рақаттану» ұғымымен анықтайды. Ол адамның көңілінен шығатын нәрсені ұнамды деп атайтынын және өзі сұлу деп атайтын нәрсені жоғары бағалайтынын сипаттайды. Жануарлар рақаттануды біледі,



бірақ адам ғана сұлулықтың құнын ұғынады. Сұлулыққа деген талғам ғана мүлде риясыз деп сипаттайды Кант. Біз құрал ретінде сұлу нәрсе мен ақырғы нәтиже ретінде сұлу нәрсенің арасын ажыратпаймыз дейді ол.

Талғам туралы пайымның ерекшелігі – ол әдеттегі пайым сияқты тұжырымдамаға сай пайдалы болмайды, ол пайданы көздемейтін рақаттанудың тәжірибесіне тікелей байланысты. Сұлулық дегеніміз – формаға байланысты кемелділік. Канттың ойынша, сұлулық – адамгершілік игілік символы ретінде көрініс табады. Асқақтық болса – күштегі (динамикалық асқақтық) немесе кеңістіктегі (математикалық асқақтық) шексіздікке байланысты кемелділік. Динамикалық асқақтықтың мысалы – дауыл, ал математикалық асқақтықтың мысалы – таулар. Кемеңгер дегеніміз – эстетикалық идеяларды іске асыруға қабілетті адам.

Канттың айтуынша, Табиғат сұлу да, асқақ болуы мүмкін, ал өнер болса тек сұлу ғана бола алады. Олай болса, табиғат сұлулығы мен өнердегі сұлулықтың арасында қандай байланыс бар? Канттың жауабы өте өткір. Бір жағынан табиғат – керемет әсем, себебі ол өнерге ұқсайды. Екінші жағынан, егер біз өнер туындысының сұлулығына тәнті болғымыз келсе, біз оның жасанды емес, табиғи екендігін ұғынуымыз тиіс.

Өнердің мақсаты – сұлулықты жасау, бірақ жасанды сұлулық дегеніміз – әсем зат емес, затты әдемі етіп көрсету. Расында да, сұлу өнер табиғатта ұсқынсыз және жиіркенішті нәрселерді әсем заттар ретінде көрсете алады. Әсем өнердің үш түрі және олардың үшеуінің де өзіндік керемет туындылары бар. Мысалы, оның түрлері: сөйлеу өнері, яғни шешендік және поэзия.

Шопенгауэрдің эстетикасы

Ешбір философ Шопенгауэр сияқты осыған дейін өзінің жалпылама жүйесінде эстетикаға осыншама маңызды рөл берген емес. «Ерік пен идея ретіндегі әлемнің» үшінші кітабы, көбінше, өнердің табиғатына арналады. Канттың соңынан ере отырып, Шопенгауэр эстетикалық ләззат алу дегеніміз – табиғат пен адам қолымен жасалған дүниелерді ешбір пайданы көздемей бақылау деп түсіндіреді. Біз өнер туындысын, мысалы жалаңаш мүсінді қарастырғанда – бұл біздің бойымыздан, бәлкім, сексуалды құштарлық немесе осы мүсінді сатып алу сияқты қандай да бір қалауларды оятуы мүмкін. Олай болса біз эстетикалық бақылау күйінде емес, еріктің ықпалындамыз. Тек бірдеңеге қарап отырып, өз құштарлықтарымыз бен қажеттіліктеріміз туралы ойланбай, оның сұлулығына тәнті болғанда, біз ол затты өнер туындысы ретінде қарастырып, эстетикалық тәжірибеден ләззат аламыз.

Артур Шопенгауэр – неміс философы. Иррационализм бағытының ең танымал ойшылы, мизантроп.

Бізді еріктің ықпалынан босататын ешбір пайданы көздемей бақылау Шопенгауэр екі түрлі табиғи ортаны сипаттаумен түсіндіретін екі формада іске асуы мүмкін. Егер мен бақылап отырған нәрсе менің назарымды ешбір күш жұмсаусыз өзіне аударып отырса, онда ол менің оянғалы жатқан сұлулық сезімім. Ал егер мен бақылап жатқан нәрсе маған қауіп төндіретіндей болып мен қорыққаннан қашып кетейін бе, әлде әсем құбылысты бақылауды жалғастыра берейін бе деген таңдау жасауда кідіріп жатсам, мен сұлулықты емес, асқақ нәрсені бақылап жатырмын деген сөз. Кант сияқты Шопенгауэр де, асқақтық сезімін бейнелеу үшін түрлі бейнелерді ұсынады, соның ішінде, бұлтты аспанды қақ жарып, жарқ еткен найзағай, теңіздегі алай-дүлей дауыл сияқты түрлі үрейлі табиғи құбылыстардың көріністері бар. Қозғалмай қарап тұрған адамның бойында оның болмысының екіұштылығы өз айырмашылығының ең жоғары деңгейіне жетеді. Ол өзін бір жағынан жеке тұлға ретінде, осынау алапат табиғи күштер бір-ақ сәтте жоқ қылып жібере алатын еріктің нәзік бір көрінісі, кездейсоқтықтың тәуелді құрбаны ретінде сезінсе, екінші жағынан, мәңгі білуші субъект, осы әлемнің әрбір объектіге арқа сүйейтін ортақ көрінісі, табиғаттың осындай қауіпті көріністері оның өз идеясы ғана болуы мүмкін тұлға ретінде қабылдайды.

Асқақтық дегеніміз – сұлулықтың жоғары шегі сияқты. Оның төменгі шегі – Шопенгауэрдің сүйкімді деп атайтын тұсы. Асқақ нәрсе бақылау объектісін ерікке қарсы қойса, сүйкімді нәрсе бақылау объектісін ерікті тудыратын дүниеге айналдырып жібереді.



Сұлулыққа тап болғанда үнемі екі элемент бар: ерікті білмейтін субъект пен танымал идея болатын объект.

Кьеркегордың музыка туралы ойлары

Сёрен Обю Кьеркегор – даниялық діни философ, психолог және жазушы, экзистенциализмнің негізін қалаушы.

Кьеркегордың еңбектерінде «эстетикалық» сөзі мен оған ұқсас сөздер көптеп кездеседі. Алайда ол үшін «эстетика» дегеніміз – эстетикалық дегеннен гөрі, этикалық категорияға жақын. Кьеркегордың эстетикалық тұлғасына назар салсақ, ол күнделікті өмірінде өз сезімдерін басшылыққа алып, рухани құндылықтарға мән бермейді; бірақ біз ол жайлы сезімнің жетегінде кететін арсыз, тойымсыз көргенсіз немесе сексуалды ауытқушылықтары бар адам ретінде ойламауға тиіспіз. Эстетикалық тұлғаның Кьеркегордың «Әлде/Немесе» еңбегіндегі екі басты кейіпкердің бірі ретінде келтірілген сипаттамасына назар аударсақ, ол – мәдениетті, заңға бағынатын, қоғамдық қатынастарда көпішілікке жағымды және басқаларды елемейтін әдеті жоқ адам. Оның этикалық тұлғадан ерекшелігі – ол өзінің қалаған нәрсесіне қолжеткізу мүмкіндігін шектейтін қандай да бір жауапкершілікті мойнына алғысы келмейді. Таңдау еркіндігін сақтап қалу үшін ол қандай да бір мемлекеттік немесе жеке лауызымдарға тағайындалудан бас тартады, шынайы, терең достықты, әсіресе, некелесуді қажет етпейді.

Кьеркегордың айтуынша, эстетикалық тұлға өз өмірін еркіндік деп санағанда қателікке ұрынады: шын мәнінде, оның өмірі тым шектелген.

Эстетикалық тіршілік ету, Кьеркегордың пікірінше, адамның өмір сүруінің алғашқы тәсілі.

Оның «Әлде/Немесе» атты еңбегінің бірінші бөлімі «Музыкалық эротика» деп аталады. Бұл эсседе эстетикалық гедонизмнің айқын үлгісі – Моцарттың операсындағы Дон Жуан бейнесі. Ол эротикалық құштарлықтың жоғары көрсеткіші болып табылады, ал Моцарттың операсы – оның бірегей жеткізу үлгісі. Мұндағы музыка өнердің басқа түрлерінің арасындағы таза тәндік сезімді білдіруге көмектесетін ең үздік амалы. Демек, Кьеркегордың пікірінше, музыка – ең абстрактілі өнер болып табылады. Тіл сияқты, музыка да адамның есту қабілетіне арқа сүйейді. Айтылған сөз сияқты ол да кеңістікте емес, уақытта орын алады. Алайда тіл рухтың құралы болса, музыка – тәндік сезімдердің құралы. Сезімдік махаббат адамдар болсын, құдайлар болсын, гректер өміріндегі негізгі элементтердің бірі болған; ал христиандық мәдениетке әлемді сезімдік қабылдаудан айырып, оны руханилыққа бұру үшін көп күш салу қажет болды.

Ницшенің трагедия туралы ойлары

Фридрих Вильгельм Ницше – неміс ойшылы, классикалық филолог, композитор, ақын, ерекше философиялық ілімді құрушы.

Фридрих Ницше 1844 жылдың 15 қазанында дүниеге келген XIX ғасырдағы әйгілі неміс философы және филологы, иррационалды волонтаризмнің Артур Шопенгауэрден кейінгі бірегей өкілі. Басты философиялық идеялары «Үстемдік еркі», «Бірегей», «Мәңгілік қайталаным», «Дионистік рух және Аполлондық рух», «Құндылық атаулыны қайта таразылау», «Перспективизм», «Құдайдың өлімі», «Тіршілікті ұлықтау», «Даралықтың тәуекелшілдігі», «Ақырласқан адам», «Дегдарлық және құлдық мораль» қатарлы ұғымдармен байланысты. Ф. Ницше бойынша адам, бір жағынан тек жәндік қана, («жер бетіндегі бір түрлі ауыру түр»), ал екінші жағынан алғанда әрі бағалаушы, әрі тудырушы, әрі жаратушы. Оның шығармалары дінді, этиканы, эстетиканы, қазіргі мәдениет пен философияны, өнер мен ғылым салаларын жалпы беттік сынау мен қайта таразылауға негізделген. Ницше шығармаларының тілі өткір және көркем, адамды еліктіреп өзгеше шеберлікке ие. Ол бейне ежелгі заманғы Гераклит секілді нақыл сөздер мен парадоксті тіркестерді қолданып, түрлі әдеби тәсілдерді еркін пайдаланып, жанды да, жігерлі философиялық туындылар жазды. Оның қазіргі заман мәдениетіне ықпалы ерекше болды, әсіресе XX ғасырдағы экзистенциализм, постмодернизм, постструктурализм



(Деконструкция), Герменевтика ағымдары Ф. Ницшені өздерінің тікелей ұстазы деп біледі және кейінгі көптеген философиялық, психологиялық, мәдени, әдеби, саяси теория жасаушылар арасында Ф. Ницшенің ықпалына ұшырамағандары кемде-кем. Ф. Ницше идеялары кейінгі неміс фашизміне тікелей қатысы жоқ, әйткенмен олардың Ницше идеяларын өз мақсаттарына бұрмалап пайдаланғаны байқалады.

Жас Ницше үшін операның асқақ үлгісі Моцарт емес, Рихард Вагнер болды. Бұл үшін Вагнер Шопенгауэрге қарыздар десек артық емес. 1854 жылы Вагнер Ференц Листке жазған хатында Шопенгауэрдің оның өміріне аспанан түскен жайдай болып кіргенін айтады. «Оның басты идеясы, өмірге деге құлшынысты ақырғы терістеу – өте ауыр, бірақ ол құтқарылудың жалғыз амалын көрсетеді». 1872 жылғы «Трагедияның дүниеге келуі» кітабында Ницше өзінің эстетикалық теориясын Шопенгауэрдің өмірлік көзқарасына арқа сүйей отырып сипаттайды. Ол үшін ол грек мифіндегі Мидас патша мен сатир Силеннің бейнелерін пайдаланады.

Әрине, бұл шығарма Артур Шопенгауэрдің «Тіршілік еркі» философиясын негіз етіп жазылғаны бірден байқалады. Сондай-ақ жас Ницшенің алып ұшқан жастық сезімінің де куәсі секілді. Дегенмен аталған кітапта автордың жеке жасампаздығы деуге болатын, мән-мағынасы терең, мәдениеттану мен философияда айтарлықтай маңызға ие мазмұндар қамтылған және оның кейінгі идеяларының тамыры осы алғашқы шығармасында қым-қиғаш көрініс тапқан.

«Трагедияның тууының» негізгі бағыты, кейін оның шығармаларында тіпті де айқын, тіпті де күрделі мағынада үздіксіз талап етілген өзекті көзқарас: «адам өмірін пәк сұлулық көзімен бағалау» болды. Эстетикалық құндылық өлшемі аталған кітапта дәріптелген бірден-бір бағалау негізі болды; «ойжотаға құрылмаған, этикаға бағынбайтын көркемөнер құдайы – осы кітап мойындайтын бірден бір Құдай» делінген. Ол сондай-ақ эстетикалық баға өмірдің діни, этикалық және ғылыми бағаларына түбегейлі қарсы екенін ашық ортаға қойды. «Трагедияның тууы» кейін ортаға қойған «барлық құндылық атаулыға қайта баға беру» ұранының алғашқы беташары болды, «қайта бағалау» идеясы осы кітаптағы эстетикалық құндылық идеясына сіңірілген. Аталған кітапта, «бүгін біз өркениет, тәрбие, мәдениет деп жүргеніміз қасиетті де әділетті Шарап құдайы – Дионистің алдына барып жүгінеді және есеп беретін болады» делінеді. Кейін «біздің дініміз, этикамыз, философиямыз бар болғаны адам азғындауының бір түрлі формасы ғана. Оған қарсы күресті тек өнерден ғана байқайсың» дейді. Демек, Қайта бағалау өлшемі кең мәнде өнерді, әсіресе эстетикалық құндылық өлшемі арқылы этикалық құндылық өлшемі мен пайдакүнөмдік құндылық өлшеміне қарсы тұру болмақ.

Еуропа ағартушылары антикалық мәдениетті құрметті, саф, келісті, асқақ деп түсіндірсе, Ф. Ницше аталған кітабында антикалық мәдениетте екі түрлі рухани беталыс өзара үстемдікке таласумен болған деп есептейді. Олар Аполлондық (күн құдайы) рух және Дионистік (шарап құдайы) рух. Аполлондық рухқа ережешіл жекелік (principium individuationis) тән және ол келісті, салқын, сымбатқа мән береді, өзі мен қарапайым өмірді ажыратуға құмар, байсалды ақыл мен логикалық пайымдауға жүгінеді. Ал, Дионистік рух дегеніміз – шарапқұмар мастық, ақылға жат келетін иррационализм, адамгершілікке мән бермеу, өміршеңдік талпынысы, шабытты шығармашылық, трагедиялы романтизм. Ницше мұнда А. Шопенгауэр ықпалымен «бейақылдық қасиеттер адамзаттың жасампаздық шығармашылық қасиетінің ең негізгі қозғаушы күші» деп есептеген.

Ф. Ницше аталған шығармада Сократтан кейін Аполлон рухы батыс мәдениетін жеке дара билеп төстеді, қатаң ақылдық логика астында барлық нәрсе сіресіп қатып қалды деп назаланады. Ал, Вагнер бастаған неміс романтизмі Дионистік рухты қайта тірілтуге бастама болды, ол Еуропа мәдениетін үздіксіз күйреуден құтқарады деп сенім білдірді.

Ф. Ницшенің аталған кітаптағы ойы бойынша, Дионис рухы түс құрастыру секілді табиғи аңсардың жемісі, ол дүниені астарлы мағынаға бай бейнелеу өнерінің түс тақілетті елесі күйіне ұйытып, көруге, сезуге болатын нақты образ кешенін жасайды. Ол архитектура, сурет, құрылыс өнерлерінің сұлулығын қалыптастырған бірегей рух. Тіпті халықтық жыр-дастандардың (батырлық, ғашықтық) бойында да Дионис рухы көрініс табады. Дионис рухы өзінің биологиялық қарсы жағасы – маскүнөмдікке талпынады, ол болмыстың терең үрейінен басталып адам жанын баурап алады және адамды көңіл-күйдің шырқау шегіне жеткізеді. Ондайда субъект бұлдырап, адам санасы мұң мен шаттық астасып, өзін мүлде ұмытқан түс



секілді ғажайып шекке жетіп барады. Бұл табиғи аңсар Шарап құдайы Дионистік лирикаға толы музыка өнерінде ерекше байқалады.

Дионистік шабыт күйі адамның символдау, қиялдау қуатының шарықтатып, өзінің толық азаттық алуына қол жеткізеді. Бұл шабыт салтанатты, лайықты болуды, шектен шықпауды, ақылға бағынуды дәріптейтін Аполлондық күн Құдайы рухымен келіспейді. Шабыт күйіне мас болу адамның рухани әлемі соған дейін этика және дін пердесімен қымталған ішкі маскүнемдік әлеміне еніп, сонда сайран салу, сондағыны тіке сезіну, соны ақтару, жарыққа шығару болмақ.

Ф. Ницше ежелгі гректердің өнері мен өмірінің соншылық керемет туындыларды өмірге әкелуінің құпиясы – Дионистік шарап рухының әсерінен деп түсінген, ал Аполлон рух соның бір өткінші күйі ғана екенін сипаттады. Тек шарап құдайы рухы бұлқынған, Дионистік иррационалды сезім кернеген адам және мәдениет қана мәңгілік құндылық жаратуға толымды бола алады. Заманның азғындауы мен кері кетуі дәл осы Шарап Құдайы рухының өлімсіреуі, бәрін Күн Құдайының басып жаншуы, тұншықтыруы, тежеп, шектеп ұстауы салдарынан.

Бұл шығарма алғаш жарияланған кезде біраз философтардың қатал сынына іліккен. 1886 жылы Ницшенің өзі бұл шығарма туралы былай дейді: «Адам төзгісіз бір кітап... Нашар жазылған, ауыр, адамды жайсыздандырады, жындандырады».